

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№33
(903)

Бейсенбі, 20 тамыз 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Айыртау ауданы әкімінің 2015 жылдың 1 жартыжылдығы қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша есебі

2015 жылдың бірінші жартыжылдығы оң өзгерістерге, жетістіктерге және жаңа мақсаттарға толы болды. 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан халқына жариялаған «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында Елбасы «Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Әркім өз жұмыс учаскесі үшін жауап береді. Тек білекті сыбанып, іске кірісу қажет» деп атап өтті.

Айыртау ауданында әлеуметтік экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштеріне жету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп, 2015 жылдың жартыжылдығы қорытындысы бойынша біраз оң динамика байқалады.

2015 жылдың өткен мерзімі Қазақстан үшін атаулы оқиғаларға толы болды, олар біздің ауданда да жоғары деңгейде өтті. Қазақстан халқының өзінің Тұңғыш Президенті және Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген зор сәнімі, үлкен құрметі, жалпы халықтың мерекесі – кезектен тыс сайлаудағы жеңісі болып табылады. Бұл – Ұлт Көшбасшысы идеяларын Қазақстан халқының қолдайтындығын білдірді.

Елбасының «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамның» бес институционалды реформасында қойған міндеттерді жүзеге асыруда Айыртау ауданында әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде және 2015 жылдың бірінші жартыжылдығы қорытындысы бойынша ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының оң серпіні байқалады.

Бірінші жартыжылдықта ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңіне 3 млрд. 934 млн. теңге, немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 105,1 пайызды құрады.

Ауыл шаруашылық мәдениетінің егіс көлемі 393,6 мың га құрады, соның ішінде дәнді дақылдар – 303,7 мың га, майлы дақылдар – 46,2 мың га, жемшөп – 40,5 мың га, картоп – 2,7 мың га, көкөністер – 500 га.

Жыл басынан шаруашылықтармен 387,6 млн. теңге сомаға 64 бірлік техника сатып алынды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрі бойынша өндіріс жоғарлады: ет 1,4 пайызға (3586 тонна), сүт 8,2 пайызға (26294 тонна), жұмыртқа 2,1 пайызға (10 млн. 449 мың дана). Елді мекендердің 95 пайызы сүтті көтерме бағамен сатып алумен айналысуда. Ағымдағы жылы Құспек, Гусаковка, Лобаново ауылдарында қосымша 3 салқындатқыш орнатылды, Казанка ауылында сүтті көтерме бағамен сатып алу үшін сүт таситын көлік сатып алынды.

Экспорттық ет әлеуеті бағдарламасын жүзеге асыру аясында 22,4 тонна ет сатылды немесе берілген тапсырманың 23 пайызы.

ІҚМ барлық түрлері бойынша 4 пайызға (46,4 мың бас) мал басы көбейтілді, жылқы – 2,1 пайызға (17,8 мың бас), шошқа – 2 пайызға (17,8 мың бас), қой мен ешкі – 7,3 пайызға (57,3 мың бас).

2015 жылы 1870 бас ІҚМ сатып алу жоспарланды және жыл басынан 1114 ІҚМ сатып алынды немесе тапсырманың 59,6 пайызы.

«Сыбаға» бағдарламасы арқылы 42 бас ІҚМ сатып алынды, 497 бас сатып алуға 6 жобаға құжаттар әзірленуде. «Құлан» бағдарламасы бойынша 88 бас тапсырмада 159 бас жылқы сатып алынды, «Алтын Асық» бағдарламасы бойынша 437 бас тапсырмада 620 бас

қой сатып алынды.

«Ырыс» бағдарламасы бойынша сүт фермаларын құру үшін «Прекрасное» ШҚ 100 бас қара-ала тұқымды ІҚМ сатып алды және «Арна» ФҚ 50 бас сатып алуды жоспарлады. Жалпы саны 235 бас отбасылық фермалар құрылды.

600 бас ІҚМ арналған 2 бордақылау алаңы құрылды: «Бабық Борлық» ЖШС – 400 басқа және «Гусаковка» ЖШС – 200 басқа.

«Прекрасное» ШҚ базасында асыл тұқымды репродукторды құру үшін 200 бас етті бағыттағы ІҚМ сатып алу жоспарлануда.

2015 жылғы 1 жартыжылдықта өнеркәсіп өнімдері өндірісінің көлемі 2 млрд. 55,5 млн. теңгені құрады, физикалық көлемнің индексі – 109,5 пайыз өткен жылдың деңгейіне.

Өсудің негізгі үлесі өңдеу өнеркәсібіне келеді, өндірілген өнім 1 млрд. 711 млн. теңге немесе 112,8 пайыз.

Ауданда Индустрияландыру картасы шеңберінде 2 жоба жүзеге асырылуда: «Сырымбет» АҚ 17 млрд. теңге сомаға және «Углежог» ЖШС 450 млн. теңге сомаға. «Бизнестің Жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде «Сырымбет» АҚ 1,4 млрд. теңге сомаға электр тасымалдау желісінің құрылысы жүргізілуде.

2015 жылғы 1 шілдеге 346 заңды тұлға мен шағын және орта бизнестің 1480 субъектісі тіркелді.

2015 жыл басынан 5 жаңа инфроқұрылымның ашылды және 28 жұмыс орны құрылды (шағын-маркет, кафе, сауда-өндіріс кешені, жол бойындағы сервис пен ТҚС, коттедждік кешен және 5 жазғы үйлер).

Ағымдағы жылы ауданның қаржылық құрылымдарымен 282,5 млн. теңге сомаға несиелер берілді.

«Бизнестің Жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 2015 жылдың басынан 19,9 млн. теңге сомасында 2 жоба мақұлданды («Қыдырбеков» ЖҚ, «Ратмир» ЖҚ).

Туризм болашағы зор қызметтің бір түрі болып саналады және ауданда туристік қызметтің 33 нысаны жұмыс істейді.

2015 жылы Имантау а. және Арықбалық а. коттедждік қалашықтар құрылысының сызбалары әзірленді, 4 орындық жазғы үй, қонақ үй-коттедждік кешені құрылысы үшін қосымша жер учаскелері бөлінді. «Көкшетау» МҰТП Имантау көлінде суда құтқару стансасы, 20 бungal құрылысы және «Турпан» демалыс базасының күрделі құрылысы көзделген 3 жер учаскесін жалға бөлді.

Ағымдағы жылы Айыртау, Шалқар, Имантау, Сырымбет ауылдарында туристерді қарсы алу үшін ұлттық сипаттағы 5 киіз үй орнатылды. «Айғаным» қонысы жанындағы 2 қонақ үйді қайта жаңғырту үшін жобалау-сметалық құжат әзірленді, СҚО Мәдениет басқармасына өтінім берілді.

«Солнечный ВИП» демалыс аумағы жанында марал мүйізімен емдеу емханасы ашылды, өсіру үшін маралдар алынды, қолданысқа 2-қабатты корпус, 5 жазғы үй берілді, демалушылардың бос уақыты үшін 10 квадроцикл сатып алынды.

5 млн. теңге сомаға Арықбалық-«Солнечный ВИП» демалыс аумағы жолын грейдерлеу және қиыршық таспен жабу жұмыстары жүргізілді.

«Ардагер» демалыс аумағын және «Горняк» демалыс аумағында электр тасымалдау желісін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Жалғасы 2-бетте.

Ынтымақтастық - ырысымыз

ҚАЗАҚСТАНҒА ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСПЕН



Тамыздың 12-і күні «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының ғимаратында Солтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы мен «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен

Ресейде тұрып жатқан Омбы, Түмен және Қорған облыстары қазақ ұлттық-мәдени автономияларымен «Қазақстанға ыстық ықыласпен» атты кездесуі өтті. Кездесуге аудандық этномәдени бірлестіктердің өкілдері, ресейлік кәсіпкерлер де қатысты.

Аталмыш кездесудің мақсаты шекаралас ынтымақтастықты дамыту, отандастарымызды қазақ халқының тарихын, өзіндік ерекшелігі бар мәдениет бастауларын және ана тілін зерделеуге қатыстыру, заманауи Қазақстанның беделін жоғарылату болып табылады. Сонымен қатар ұйымдастырылған кездесудің міндеттері – қазақстандық-ресейлік шекаралық ынтымақтастыққа, Қазақстан мен Ресей шекаралық байланыстарының қалыптасуына жағдай туғызу; іргелес облыстар, шекаралас аудандар арасында білім беру, мәдениет, әлеуметтік және этносаралық байланыстарды дамыту және нығайту; қоғамдық және этносаралық келісім мәселелері бойынша пікірлер және жұмыс тәжірибесімен алмасу.

Табиғаты әсем, тарихы терең Айыртау өңірі Ресейден келген отандастарымызды жылы қарсы алып, ұйымдастырылған дөңгелек үстелдің кіріспесінде аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров қандастарымызды еліміздегі елеулі оқиғалармен таныстырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы жайлы баяндап берді. Сонымен қатар қонақтарға ауданның әсем табиғаты жайлы шағын бейнефильм де көрсетілді.

Әлемге егілгі Ботай қонысы, Айғаным қонысы, Шоқан Уәлихановтың мұражайы, Қарасай және Ағынтай батырлардың кесенесі сияқты тарихи-мәдени нысандар да туристерді қызықтыратыны сөзсіз.

Жақында облыс әкімі Ерік Сұлтанов облысымызға қызмет бабындағы сапармен келген Үкімет төрағасының орынбасары Бердібек Сапарбаевқа ауданымыздағы Ботай қонысын көрсеткен болатын. Вице-премьер сол жолы жергілікті ғалымдар жасаған ұсыныстарға құптау білдіріп, болашақ туристік кластердің эскизін жасауға 5 миллион теңге қаржы бөлетінін жеткізген еді.

«Дөңгелек үстелге» төрағалық еткен Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Найыл Салимов бұл кездесудің басты мақсаты екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту екендігін атап айтып, шараға қатысушыларды жан-жақты пікір алысуға шақырды.

Алғашқы болып сөз алған Түмен облысы қазақтарының ұлттық-мәдени автономиясы төрағасының орынбасары, «Строитель» Ұлттық мәдениеттер сарайының Орта Азия және Қазақстан халықтары мәдениеті бөлімінің бастығы Гүлбайра Қалиева Түменде аз ұлттардың мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрлерін өркендетуге Ресей мемлекеті тарапынан қамқорлық жасалып отырғанымен, кейінгі жастардың өз ана тілін білмей өсіп келе жатқандығы қазіргі таңдағы ең көкейкесті мәселеге айналғандығын да айтып өтті.

Түмен облысы қазақтарының ұлттық-мәдени автономиясы президентінің кеңесшісі, Ресей Журналистер одағының мүшесі Қалил Қабдолухитов баспаханадан шыққан «Түмен жерінің қазақтары» атты кітабымен таныстырып, қатысушыларға таратты. Оның еңбегінде Түмен облысында абыроймен қызмет атқарып жүрген ағайындар туралы мағлұматтар жинақталған екен.

Қорған облысы қазақтарының ұлттық-мәдени автономиясы басқармасының мүшесі Боранбай қажы Бижігітов өздерінің жылсайынғы құрылтай жиындарын басқа ұлттармен бірге Ресей күні мерекесінде атап өтетіндіктерін, аудандарда қазақ мәдениеті орталықтары құрылып жатқандығын, ал қазақ тілін үйрету курстары мешіттердің жанынан ашыла бастағандығын тілге тиек етті. Оның айтуынша, Кеңес Одағының Батыры Әбу Досмұхамбетовті солтүстікқазақстандықтар ғана емес, қорғандықтар да «Біздің батырымыз» деп мақтан тұтады екен. Өйткені,

ол Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келгенімен, соғысқа дейін Қорғанда қызмет істеген екен.

Ал «Мөлдір» қазақ мәдениеті Сібір орталығының басшысы Алтынай Жүнісова Омбы қазақтарының басын қосқан 7 қоғамдық бірлестік барлығын, солардың ішінде тек өздері ғана облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырыс бойынша әртүрлі мәдени шаралар өткізетіндіктерін айтты.

Ал Омбы қаласында қазақ тілінде шығатын «Замандас» газетінің бас редакторы Максим Спотский Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XXII сессиясында қазақша сөз сөйлеген еді. Ол қазір Омбы техникалық университетінде оқып жүріп, Қазақстаннан келген студенттер арасында «Мәке мен Жәке» деген қазақ студиясын құрған. Қазақ тойларының асабасы, сол Мәке деген жігіт – Максим Александрович екен. Олар Омбы қаласындағы қазақ мәдениеті мен тілін қолдау мақсатында «Zamandas» атты қазақ газетін ашқан. Сонымен қатар



қазақ студенттерінің клубын да құрған. Максим кездесу барысында қатысушыларды қазақ тілінің майын тамызатын шешендігімен қайран қалдырды. Ол орыс мектебін бітірсе де, қазақ тілін өз қалауымен үйренген. Осы тұста аудан басшысы Максимге ауданда бір апта тынығып, жергілікті жастармен кездесулер өткізуі жөнінде ұсыныс білдірді.

Ал «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Кәрібай Мұсырман өңіріміздегі қазақ тілінің ахуалына көңінен сипаттама беріп өтсе, тарих ғылымдарының кандидаты, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті тарих, экономика және құқық факультетінің деканы Зәуре Қартова Ресей еліндегі әлі жете зерттелмеген Қазақ мемлекеттігіне қатысы бар тарихи орындарға ғылыми экспедициялар ұйымдастыру қажеттігіне тоқталды. Бұл ұсынысқа қонақтарымыз қолдау білдіріп, өздері естіген кейбір тарихи деректерді ортаға салды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы облыстық филиалының басшысы Сағындық Салмұрзин бүгінде Ресейде 1,5 миллион қазақ бақуатты ғұмыр кешіп жатқанымен, олардың ішіндегі жастардың көпшілігі өз ана тілдерінен жұрдай екендігіне алаңдаушылық білдірді. Бұл орайда оларға Максим сияқты қазақ тілін өздігінен үйренген жастарды өнеге етіп көрсетіп, ұлттық намыстарын ояту керек деген пікір білдірді Сағындық Досмақұлы.

Кездесу соңында облыс әкімі аппараты жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Дина Әбілмәжінова ресейлік қонақтарды арнайы Алғыс хаттармен марапаттап, өр өңірдің кітапхана қорына облысымыздың бай тарихы мен әсем табиғаты жайлы құнды кітаптарын сыйға тарту етті.

Шетте жүрсе де, тарихи отандарын ұмытпай, қандарында бар қазақылықты жастарына дарытып келген шетелдегі бауырларымызбен өткен кездесуде көптеген мәселе қозғалды. Бұл әріне алдымен шекаралас ынтымақтастықты дамыту, қазақ халқының тарихының өзіндік ерекшелігі бар мәдениетін дәріптеу. Өмірдің шырғалаына түсіп, түрлі себептермен шекара асып кеткен бауырларымыз өздерінің осыншама қошеметке ие болғандарына дән риза. Олар да қолдарынан келгенше, тарихи отандарын ұмытпауға, қазақтықтарын жоғалтпауға тырысуда.

Туған жерінің табиғатын тамашалап, тарихына бойлау үшін отандастарымызға арналып экскурсия да ұйымдастырылды. Делегаттар алдымен Сырымбет ауылындағы Айғаным қонысында болып, кейін қазақтың аққан жұлдызы Шоқан Уәлихановтың мұражайына ат басын бұрды.

Сонан соң қандас бауырлар Қарасай-Ағынтай батырлардың мемориалдық кешенінде де болды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген
Наталья ЕРЕМЕНКО.

Айыртау ауданы әкімінің 2015 жылдың 1 жартыжылдығы қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша есебі

Жалғасы. Басы 1-бетте.

«Ботай» мұражай-археологиялық кешенінің эскиздік жобасы мен жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 5 млн. теңге бөлінді. Кешенге көрме павильоны, этнографиялық ауыл ғылыми, емдеу-сауықтыру және мәдени-ойын-сауық орталығы, палаталық лагерь мен қонақ үй кіреді.

«Севостьянов» ЖК өндіріс инфрақұрылымының электр тасымалдау желісін дамытуға 12 млн. теңге сомаға өтінім берді.

Бөлшек сауда айналымының көлемі 2015 жылдың 1-жартыжылдығында 1 млрд. 229,4 млн. теңгені құрады, бұл 2014 жыл деңгейінен 21,3 пайыз жоғары.

Негізгі капиталға инвестиция көлемі 1 млрд. 677 млн. теңгені құрады, сәйкес мерзімге 5,2 пайыз жоғары.

Бірінші жартыжылдықта құрылыс жұмысының көлемі 968 млн. теңгені құрады немесе өткен жылғыдан 11,4 есе көп.

Бірінші жартыжылдықта 1929 шаршы метр тұрғын үй өңгізілді (12 пәтер) немесе 105,4 пайыз 2014 жылдың сәйкес кезеңіне.

2015 жылы 5 елді мекеннің бас жоспарын әзірлеуге 3,0 млн. теңге бөлінді.

Республикалық жолдарды жөндеуге. 250,0 млн. теңге (Көкшетау-Рузаевка), облыстық -829,9 млн. теңге (Саумалкөл-Новоошмское жолы мен өткелі, Еленовка-Чистополье, Антоновка-Горное, Арықбалық-Саумалкөл жолдары) және аудандық -26,7 млн. теңге.

«Еңірілерді дамыту» бағдарламасы аясында Саумалкөл а. Янко көшесінің жөндеуіне 27,9 млн. теңге бөлінді.

Жолаушыларды тасымалдау. Айыртау ауданы арқылы 11 облысаралық, 2 ішкі облыстық, 3 аудандық және 3 ішкі кент маршруттар өтеді. Автобустық қатынаспен 69 елді мекен (85,2 пайыз) қамтылған және қалған 12-ге - жеке меншік таксилармен қызмет көрсетіледі. Аудан арқылы 6 маршруттық пойыз және ағымдағы жылдың 4 шілдесінен «Қостанай-Астана-Қызылорда» қатынасындағы жоғары деңгейдегі жайлы «Тұлпар-Талғо» жүрдек пойызы өтеді.

2015 жылы «Еңірілерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 8 елді мекенді абаттандыруға 4,7 млн. теңге, 9 ауылда иесіз қалған нысандарды

ысыруға 3,6 млн. теңге, Саумалкөл а. балаларға арналған аула алаңын құруға 1,6 млн. теңге қаражат бөлінді.

Көкшетау топтық су құбырынан Айыртау, Қаратал ауылдарына су өткізуге және Егіндіағаш ауылына жүйелік бұлақтан су өткізу құрылыстарында жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда.

Сондай-ақ, ҚР Су ресурстары бойынша комитетінің «Қазсуар» РМК болашақта тарату жүйесі құрылысын салумен Көкшетау топтық су құбырына ауданның 17 елді мекенін қосуға есеп әзірлеуде.

Бюджет. Жергілікті бюджетке 545,5 млн. теңге түсті немесе жоспарға 105,2 пайыз. Аудан бюджеті 124,5 пайызға орындалды. Бюджеттің шығыс бөлігі 99,9 пайызға орындалды.

Әлеуметтік қорғау. 2015 жылғы 1 шілдеге ресми түрде 40 жұмыссыз тіркелді немесе экономикалық белсенді тұрғындардың санының 0,2 пайызы. 1098 адам жұмыспен қамтылды, соның ішінде тұрақты жұмыс орындарына - 692 адам.

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша аз қамтылған азаматтардың саны 574 адам. Кедейлік деңгейі 0,4 пайыздық пунктке азайды.

«Жұмыспен қамту Жол картасы - 2020» Бағдарламасы аясында 2015 жылы Жұмыспен қамту Жол картасына қатысқан - 177 адам.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және инфрақұрылымды дамыту арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету» бағыты бойынша жалпы сомасы 64,7 млн. теңгеге 4 нысанның жөндеу жұмыстары жүргізілуде: Қазақ ОМ ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары (терезе блоктарын ауыстыру), Лавровка ОМ ғимараты қазандығының күрделі жөндеу жұмыстары, Рудный ОМ қазандығын шығару, «Агротехникалық колледж» КММ оқу корпусы ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары.

- «Кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орнын құру» бағыты бойынша бойынша 14 қарызгерге 32,7 млн. теңге шағын несие берілді және қайта инвестициялау қаражатынан сомасы 15 млн. теңгеге 5 микрокредит алынды.

«Жұмыс берушінің қажеттілігі аясында көшіру және оқыту арқылы жұмысқа орнықтыруға көмек көрсету» бағыты бойынша 4 адам қайта даярлауға жіберілді. 11 адам қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын аяқтады,

соның ішінде 6 адам жұмысқа орналастырылды.

- әлеуметтік жұмыс орындарына - 23 адам, жастар тәжірибесіне - 20 адам жіберілді.

Орта айлық еңбекақы аудан бойынша 2015 жылдың 1 жартыжылдығында 68176 теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,6 пайызға өсті. Ауыл шаруашылығы саласында орта айлық еңбекақы 61885 теңге, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 13,4 пайызға артық.

Білім беру. Мектеп жүйесі 56 бірлік, оның ішінде бастауыш - 12, негізгі - 12 және орта - 32 мектеп.

Мектепке дейінгі ұйымдар 48 бірлікті құрайды, оның ішінде 5 балабақша және 44 шағын-орталық 1611 баланы қамтумен.

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқумен қамтылғаны - 100 пайыз.

Техникалық және кәсіби білім бағдарламасын 2 мемлекеттік кәсіби колледж іске асырады.

2015 жылы Лобаново және Златогор орта мектептері үшін сомасы 4,7 млн. теңгеге УАЗ автокөліктері сатып алынды. Оқулықтарды сатып алу үшін 28,2 млн. теңге бөлінді. Одан басқа «Жұмыспен қамту Жол картасы - 2020» бойынша мемлекеттік-жеке иеленген серіктестік есебінен 12 мектептің қазандықтарын шығару жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық сақтау. Халыққа медициналық көмекті 115 койкадан тұратын 1 аудандық орталық аурухана, 10 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік пункт, 58 медициналық пункт көрсетеді.

Дәрігерлердің тапшылығы 3 бірлік құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 50 пайыз төмен және бос орындарды жабуға келісім-шарттар жасалды (кардиоревматолог, жалпы тәжірибеден 1 дәрігер, акушер). (Тұрғындарға 51 дәрігер және 261 орта білікті медициналық қызметкер қызмет көрсетеді).

Ағымдағы жылы 75,1 млн. теңге сомаға Арықбалық терапевтік бөлімшесінің стационары ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Мәдениет. Ауданда 50 мәдениет ұйымы жұмыс істейді, соның ішінде 24 клуб, 24 кітапхана және 2 мемлекеттік мұражай.

2015 жылдың 1 жартыжылдығында аудандық Мәдениет үйінің шатыры

мен Кирилловка МҮ ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттар әзірленді. Арықбалық МҮ би залы мен Кирилловка МҮ мәжіліс залына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Спорттық имараттар саны футбол алаңдарын салу есебінен 220 бірлікке жетті. Оларда аудан тұрғындарының жүйелі түрде спортпен шұғылданатын 28,3 пайызды спортпен айналысады.

Ағымдағы жылы Антоновка ауылында стадион салынды және Сырымбет ауылында хоккей корты қайта жаңғыртылды.

2015 жылдың аяғына дейін келесі нысандарды өңгізу жоспарлануда:

Саумалкөл а. «Гормолзавод» ЖШС жылына 150 тонна қатты ірімшік сұрыптарын, 25 тонна сары май өндіретін цех құрылысы;

Саумалкөл а. «Гасыр Айыртау» ЖШС шұжық цехы құрылысы;

Саумалкөл а. «Nord NS» ЖШС «Тойхана» мейрамханасының құрылысы;

Арықбалық а. «Егоров» ЖК және «Система-К» ЖК 2 газ құю стансасы;

Саумалкөл а. «ГК Мост» ЖК газ блоктарын өндіру цехының құрылысы;

«Солнечный ВИП» ЖШС 13 жазғы үй, 2-қабатты әкімшілік-емдеу корпусы, «Корабль-кафе» құрылысы;

Арықбалық а. «Арна» ФҚ көтерме сүт сатып алу пунктін ашу;

Елецкое және Қаратал ауылдарында 2 ауылдық кітапхана ашу, Жақсы-Жалғызтау, Карловка, Бурлук ауылдарында жабылып қалған мектеп ғимараттарын демалыс орталықтарына қайта жаңғырту;

Саумалкөл, Новосветловка, Константиновка, Құспек, Комаровка, Қарасай батыр ауылдарында 6 хоккей қораптарының құрылысы.

Қазір 2016 жылға арналған болашақ жоспарларға тоқталған келеді:

- Антоновка а. «**Ақмола Агро Трейд**» ЖШС мен Саумалкөл а. «Көкше Престиж Бидай» ЖШС 2 элеватор құрылысы;

Саумалкөл а. «**Nord Строй NS**» ЖШС «Тойхана» мерамханасының құрылысы;

Имантау а. «**Самовлазова**» ЖК сауда - ойын-сауық кешені құрылысы; «Hailun Агро» ЖШС көкөніс сақтау қоймасы, жылыжай және мал бағу кешені;

Саумалкөл а. «**Неғметов**» ЖК дүкен құрылысы;

Саумалкөл а. «**Саумалкөл**» ЖШС

сауда кешені құрылысы;

Имантау а. «**Баймағамбетова**» ЖК демалыс орталығы құрылысы;

Саумалкөл а. «**Сорокина**» ЖК кітап дүкені құрылысы;

Константиновка а. «**Бережнов**» ЖК дүкен құрылысы;

Шалқар а. «**Махметов**» ЖК коттедждік-қонақ үй кешені, жазғы үйлер құрылысы;

Шалқар көліне «**Қазкенов**» ЖК 10 жазғы үй құрылысы;

Арықбалық а/о Имантау көліне жазғын 24 жазғы үй құрылысы;

бұрынғы «Тұрпан» демалыс аумағында «**Ди Мар Тур**» ЖШС электр тасымалдау желісі құрылысына ЖСҚ әзірлеуді жоспарлауда;

«**Елөкті Holidaus**» ЖШС 20 жазғы үй құрылысы;

«**Мерғалиев**» ЖК демалыс аумағының ашылуы, 30 жатын орынға корпус және 20 жазғы үй салынады;

64 млн. теңгеге «Родничок» балабақшасының күрделі жөндеуі;

30 млн. теңгеге Қазақ ОМ жанындағы интернат шатырының күрделі жөндеуі;

43 млн. теңгеге Константиновка ОМ жылу беру жүйесінің күрделі жөндеуі;

Саумалкөл а. стадион құрылысы;

Арықбалық а. стадион құрылысы және Имантау а. хоккей қорабын қайта жаңғырту;

Көкшетау топтық су құбырынан Айыртау, Қаратал ауылдарына су тармақтарының және Егіндіағаш ауылын сумен қамтамасыз ету локальді су кезінің құрылысы;

Бірлестік және Светлое ауылдарында ауылдық кітапханалар ашу; аудандық Мәдениет үйі шатырының жөндеуі.

Экономика және басқа да салаларда өзінің ерен еңбегімен туған өлкесінің гүлденуіне үлес қосқан барлықтарыңызға мен алғысымды білдіремін және біз, мемлекеттік органдар, депутаттар, бизнес басшылары, кәсіпкерлер, барлық айыртаулықтар алдағы уақытта да барлық көрсетілген сала түрлері бойынша көрсеткіштерді жоғарылатамыз және экономиканың даму қарқынын көтеруге және әлеуметтік саланы жақсартуға барлық күшімізді салатынымызға, нәтижесінде, 2015 жылдың аяғына біз ауданның әр тұрғынының жағдайы үшін айтулы көрсеткіштермен жететінімізге сенімдіміз.

Назарларыңызға рақмет.

Мерейтой

ШАҢЫРАҚТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Әрбір адам дүниеге келгенде түнгі аспандағы жұлдыздардың саны көбейеді екен. Шынында да түнгі аспанды бір сәт тамашалап көрсеніз, адамдар да сол жұлдыздар тәрізді екенін байқайсыз. Біреулер жарыққа шыққаннан гөрі тасада жүргенді қалайды - оның жұлдызы әлсіз жылтырайды, ал біреулер сабырсыз, өздерінің өміріне жиі өзгеріс енгізеді - олардың жұлдызы біресе жарқ етіп, біресе әлсіз жылтырап, құбылып тұрады. Ал енді үнемі күн тәрізді жарқырап, түнгі аспанда ерекше шұғыла шашып тұратын ізгі жандар болса керек. Сол ізгі жан деп отырғаным - бауырымыз Қабдолов Еркін.



1965 жылдың тамылжыған тамыз айының 20 жұлдызында Дәулет пен Балшекер Қабдоловтардың отбасында көптен күткен ат құлағын ұстайтын ұл туғанда Сарыөзек елінде қуанбаған жан қалмады. Бүгінгі туған күн иесін осындай ерекше жұлдыздың иесі деп айтуға болады.

Еркін Дәулетұлы ауылдағы бастауыш мектептің табалдырығын 1972 жылы аттап, 1982 жылы Қаратал орта мектебін тәмамдаған соң, Рузай ауданына қарасты жүргізушілер даярлайтын курсын аяқтап, алғашқы еңбек жолын кеңшарда механизатор болып бастайды.

1983 жылы Чехословакия жерінде міндетті әскери борышын өтеуге шақырылады. Отан алдындағы міндетін мінсіз атқарып жүрген қазақстандық сарбаз кәсіби шеберлігімен, қажырлы еңбегімен өзімен қатарлас жауынгерлер арасында ерекшеленіп, әскери басшыларының назарына түсе бастайды. Осындай кәсіби жүргізуші ретінде басшылық тарапынан талай марапаттарға ие болып, еліндегі ата-анасына да

Алғыс хаттар жіберіледі. Бірнеше мәрте әскери «Красная знамя» газетінде Еркін Қабдолов жайлы бірнеше мақалалар жарияланған болатын.

1985 жылы әскери борышын абыроймен өтеп, туған еліне оралады. Елге аман-есен келген соң, «Қаратал» кеңшарында жүргізуші болып еңбек жолын әрі қарай жалғастырады. 1996 жылға дейін «Қаратал» кеңшарында үздіксіз жүргізуші болып істеген Еркін бауырымыз еліне елеулі, халқына қалаулы азамат ретінде таныла білді. Осы жылдар ішінде кеңшар басшылығынан талай құрметке бөленіп, социалистік жарыстардың бірнеше жеңімпазы атанды. Сонымен қатар мінсіз еңбегінің арқасында аудандық партия хатшылығының, кеңшар басшылығының Құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

1996 жылы аудан орталығы Саумалкөлге көшіп келіп, әр салада жүргізуші болып істеді. Ал 2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Айыртау аудандық пошта байланыс торабында жүргізуші-инкассатор болып қызмет істеп келеді. Көп жылдар ішінде мол тәжірибе жинақтаған кәсіби жүргізуші Еркін Дәулетұлының еңбегі еленип, бірнеше рет аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және арнаулы мамандандырылған байланыстың 75 жылдық мерейтойына орай «Арнаулы байланыс қызметі» медалімен марапатталды.

Еңбегінің жемісін көре отырып, бауырым Еркін мен Күлишат өнегелі отбасында бір ұл және екі қыз бала тәрбиелеп отыр. Ұлы Рүстем аудан әкімінің көмекшісі қызметін атқарады. Қыздары Әсел - «Хоум кредит» банкінен менеджер қызметін атқарса, көнжесі Назым - Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінің студенті.

Шұғыла шашып тұрған жұлдызды Еркіннің шаңырағында Тамырлан мен Кәусар атты немерелері тамырын жайып өсіп келеді.

Осындай өнегелі отбасының жарық жұлдызы болып отырған Еркін бауырым бүгінгі күні ердің жасы 50-ге толып отыр. Мерейтой иесін туған күнімен шын жүректен құттықтай келе, мына өлең жолдарын арнайымын:

**Туған күнің құтты болсын, бауырым,
Ағайын-дос тілек тілер қауымын.
100-ге жетіп қария бол ел сыйлар,
Болсын аман бала-шағаң, ауылың.
Інішегім, тұяғысың әкемнің,
Біздің үйге бақыт нұрын әкелдің.
Жалаастырып ел есімін ертеңге,
Ақта үмітін анаң менен әкеңнің.**

Таңсұлу МЫРЗАХМЕТОВА.
Суретте: мерейтой иесі Еркін бауырым зайыбы Күлишат және немерелері Тамырлан, Кәусарлармен бірге.

Ата Заңға - 20 жыл

АТА ЗАҢ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЕҢСЕСІ



және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы-адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Конституциямыздың әр бабында адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Еліміздің әрбір азаматы өз бостандықтары мен құқықтарын сот арқылы қорғауға құқылы Заң мен сот алдында бәрі тең. Әркім өзінің жеке басы бостандығына құқығы бар. Адамның қадір-қасиетіне, жеке өміріне, тұрғын үйіне қол сұғылмайды. Әркімнің ар-ождан бостандығы қорғалады. Меншікке, оның ішінде мүрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Бас заңымызда «Азаматтардың тікелей немесе өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға құқығы бар» деп атап көрсетілген.

Осы жерде тілге тиек етерлік жайт, еліміздің Ата Заңы өлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Соның дәлелі десек те болар, бүгінде бүкіл мемлекеттік құрылымды айғақтайтын, елдіктің бастауы болып табылатын құжат 20 жасқа толғалы отыр. Әрине, тарих ауқымымен айтқанда, бұл азғантай ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Конституциясы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді.

Ал көптеген зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, Қазақстанның Конституциясы өлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 Конституцияның бірі болып саналады екен. Бұның өзі Конституциямыздың үлкен әлеуетін білдіреді.

Біздің міндет - Конституцияға аса ұқыптылықпен қарап, елімізді, тарихымызды, жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай құрметтеу. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін емес. Олай болмағанда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың қажеті жоқ. Қашанда Конституция - біздің тірегіміз, қадірлеп - қастерлейтін асыл құндылықтарымыздың бірі.

Асқар МАҚЫШЕВ,
Айыртау ауданы сотының аға сот приставы.

Ұстаздардың тамыз кеңесі**БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ**

Үстіміздегі жылдың 18 тамызы күні ауданның білім беру саласының жаңа оқу жылы қарсаңында ұйымдастырылып жүрген дәстүрлі тамыз кеңесі «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялық және құзиреттілік тәсіл – табысты мектепке қадам» атты Елбасы Жолдауын жүзеге асыру бағытында білім беру саласында ұйымдастырылып отырған маңызды іс-шаралар талқыланып, жас ұрпақ тәрбиесі жолындағы келелі істерге бағыт-бағдар берілді.

Тамыз кеңесінің алдында

Ұстаздардың дәстүрлі тамыз кеңесінде сөз сөйлеген аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров жиынға қатысушы ұстаздар қауымын айтулы мерекемен құттықтай келе, «Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев білім беру жүйесін еліміздің ішкі саясат басымдықтарының қатарына қосып, оның даму мәселелеріне «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында ерекше назар аударды. «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту

ясли-бақшасы, Комаровка НМ, Егінді-ағаш НМ, Воскресеновка НМ, Наследниковка БМ, Орлиногор БМ, Ақанборлық БМ (шөп шабу аппаратары мен жылыжай, принтер мен ксерокстар), «Жыл спорттық чемпион мектеп» жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернаты, Саумалкөл №2 МГ, Қарағамыс НМ (шаңғы мен конькилер жиынтығы), «Азаматтық белсенді мектеп»

«Ең үздік пәндік кабинет» аталымында Саумалкөл №2 МГ-нің ағылшын тілі пәнінің кабинеті, Саумалкөл қазақ ОМ-нің қазақ тілі



әрбір мектептің оқу-әдістемелік жетістіктерін, білім берудегі өзіндік дәстүрі мен ізденістерін көрсететін көрме, «Табиғат сыйы» жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Биылғы жылы дәстүрлі тамыз кеңесіне аудан әкімі Ағзам Тастеміров, Солтүстік Қазақстан облыстық Білім басқармасының бөлім басшысы Валентина Черных, аудандық білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Жақыпов, аудан әкімінің орынбасарлары, дербес бөлімдер мен ауданның мекеме, ұйымдарының, білім мекемелерінің басшылары, ауылдық округтердің әкімдері және аудан мұғалімдері қатысты.

Саумалкөл қазақ орта мектебі оқушыларының ауданның ұстаздар қауымына арнаған жүрекжарды тілектері кеңестің ажарын аша түсті.

«Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялық және құзиреттілік тәсіл – табысты мектепке қадам» тақырыбында ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Жақыповтың баяндамасы тыңдалып, өткен оқу жылының жетістіктеріне қорытынды жасалынып, жаңа оқу-жылының міндеттері айқындалды.

Баяндаманы талқылауда сөз алған Саумалкөл №1 орта мектебінің директоры Тұралинов Мырзабай Шәріпұлы, Сырымбет орта мектебінің мұғалімі Әсел Талғатқызы Кәшенова, Лобанов орта мектебі директорының орынбасары Жүкішева Күлтай Амангелдіқызы, Саумалкөл №2 мектеп-гимназиясының мұғалімі Иванова Анжелика Аркадьевна, «Балдырған» балабақшасының меңгерушісі Ахметова Гүлімжан Жәмшитқызы, Саумалкөл агротехникалық колледжінің директоры Серік Керейұлы Мусин, Антоновка селолық округінің әкімі Жақсылық Тортайұлы Раевтар жас ұрпаққа білім беру жолындағы стратегиялық бағыттарды жөніндегі ойларымен бөлісті.

Аудан ұстаздарының алдында биылғы жылы жоғарғы оқу орындарын аяқтап келген жас мамандар өздерінің жүрежарды алғыстарын да жолдады.

Солтүстік Қазақстан облыстық Білім басқармасының бөлім басшысы Валентина Анатольевна Черных аудан ұстаздарының жеткен жетістіктері мен ауданның білім саласындағы ауқымды маңызды мәселелеріне тоқтала кетті.



деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» - деген Ұлт Көшбасшысының бізге нақты бағыт-бағдар қойғанын тілге тиек ете отыра ауданымыздың білім саласындағы жетістіктермен қатар білім сапасының арттыруына ерекше көңіл бөлу керектігін баса қадап айтты. Аудан басшысы еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде селолық округтердің әкімдерінің, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің, ауданның білім бөлімі мен аудан ұстаздарының алдына бірнеше міндеттер қойды.

Одан кейін сахна төрінде аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы өткен оқу жылының қорытындысы бойынша сапалы білім мен тәрбие жұмысында зор жетістіктерге жетіп, материалдық-техникалық базасының сақталуы мен нығаюына жағдай жасағаны және жаңа оқу жылына дайындық сапасының жоғарылығы үшін «Ең үздік мектеп-2015» аталымында №1 Саумалкөл, Константиновка ОМ-рі мен Имантау орта мектебі (музыкалық аппаратура, принтер, сканер, ксерокстарды сатып алуға сертификаттар), «Үздік мектепке дейінгі білім беру мекемесі» аталымында «Балапан» ясли-бақшасы (қазақ тілі кабинетіне жиһаз), «Әлеуметтік табысты мектеп» аталымында Имантау, Каменноброд, Елецкий ОМ-рі (тігін машиналары мен линолеум), «Ең үздік абаданандырылған мекеме» аталымында Саумалкөл қазақ ОМ-і Ақан ОМ-і, «Колосок»

пәнінің кабинеті және Саумалкөл №1 ОМ-нің полинингвалді кабинеттері жеңімпаз атанып, аудандық білім бөлімі басшысының дипломдары мен сертификаттарымен «Педагогикалық табысты мектеп» аталымында Қаратал ОМ, Карасевка ОМ, Өскөн НМ (офистік жиһаздар, ксерокстар), «Кәсіби шебер мектеп» Дауқара ОМ, Заря ОМ, Қызылөскер ОМ (тігін машиналары, линолеум, шөп шабатын құрал), «Үздік кітапхана» Константиновка ОМ, Антоновка ОМ, Бірлестік ОМ (көрме жиһаздары), «Үздік жазғы лагерлік демалысты ұйымдастырған» Әлжан ОМ, Кирилловка ОМ, Лобанов ОМ (тігін машиналары), «Үздік мектеп жанындағы оқыту-тәжірибелік алаң» жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернаты, Ақан ОМ, Айыртау ОМ (шөп шабатын құрал жылыжай) аудан әкімі әр аталым бойынша арнайы дипломдар мен сертификаттар сыйлады.

Ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Кәрібайұлы ауданның білім беру жүйесіндегі шығармашылық, спорттық жұмыстардың қорытындысы бойынша аудандық, облыстық және республикалық жарыстардағы жетістіктері, мектеп ауласындағы жылыжайдан мол өнім алудағы еңбектері үшін бірқатар мектептер мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерін арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Мұғалімдердің дәстүрлі тамыз конференциясының соңы аудандық көркемөнерпаздарының шағын концертіне ұласты.

Әйгерім ОМАРОВА.

Тамыз мәслихаты қарсаңында**БІЛІКТІ МҰҒАЛІМ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «5 реформа және 100 қадам» деп аталына бастаған Ұлт жоспарына зер салып, зерделей қарасақ, білім беру жүйесіне де ерекше мән бергендігі байқалады. Әсіресе, сапалы білім беруге, білікті маман дайындауға жіті назар аударады.

Соңғы жылдары білім сапасына, зияткерлік, инновациялық іс-әрекетке бет алумен қатар, мектептерді жас мұғалімдермен қамтамасыз ету проблемасы өткір бола бастады. Бүгінде мұғалімдерді колледждер, педагогикалық институттар, университеттер көптеп дайындауда, алайда, мұғалімдер сонда да жетіспейді. Мектепке баруға ұмтылыс бар, сонымен қатар, мектептен кету де жиі кездеседі. Сондықтан, кәсіби білім жүйесінде мұғалімдерді дайындау күрделі мәселе болып отыр.

Кеңес заманында жоғары білімді мұғалімдерді педагогикалық институттар дайындап келді. Бірақ, кейін педагогикалық институттардың бірқатары университетке айналды, біразы басқа оқу орындарымен қосылып университет құрды. Өткен ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысынан бастап, педагогикалық институттар негізінен дербес оқу орны болудан қалды. Мұғалімдер дайындау университеттерде жалғаса берді, дегенмен басқа мамандықтар сияқты мұғалімдердің сапасы төмендеді.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бұл мәселені толық шешпесе де, мектепке жас мұғалімдердің баруына аз да болса жол ашты. Бірақ, енді әйелдер зейнетке 63 жаста шығатын болса, ал олар мұғалімдердің 80 пайыздан астамы, жастарға ауылдық мектептерде жұмыс табу қиындайды, әлеуметтік жағдай күрделенеді.

Сапалы білім беруді анықтауда мектепшілік бақылау мен зерттеудің маңыздылығы ерекше. Бұл өте жауапкершілікті, әділеттілікті, біліктілікті қажет етеді. Мұғалімдердің білімін тексеру, бақылау белгілі бір ұстаздың сағын сындырып, кек алу үшін емес, олардың қабілеттерін, іскерлігін, шеберлігін зерттеу, үйрену мақсатында жүргізілгені жөн. Бақылауды әділдікпен, сауаттылықпен жүргізбесе, басшылар мен ұстаздардың арасында конфликті туындауы мүмкін. Сондықтан, мектепшілік бақылауды белгілі бір мақсатқа байланысты жүргізген дұрыс. Саны бар да, сапасы жоқ, тек сабаққа қатысудың санын толтыру үшін емес, белгілі бір ұсыныстар мен тиімді нұсқаулар беру үшін, ұстаздардың кәсіби шеберлігін, теориялық білімін, жаңалықтарын білу бағытында жүргізілгені пайдалы болмақ. Шама келгенінше, сабаққа қатысушының мамандығы сабақ өткізіп тұрған ұстаздың мамандығымен сәйкес болуы қажет. Мектепшілік бақылау кезінде ұстаздың теориялық білімі, сабақ беру кезінде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алу шеберлігі, оқушылармен қарым-қатынасы, логикалық ойының тереңдігі байқалады.

Сапалы білім берудің келесі бір бағыты – әр ұстаз өзі сабақ беріп жүрген сыныптарының оқу бағдарламасында көрсетілген шығармалар мен ережелердің кемінде 80-90 пайызын өте жоғары деңгейде біліп, сабақ өткізудің ең тиімді әдістерін таңдап алып, білім-біліктілігін, кәсіби шеберлігін, тың шығармашылық ізденісін көрсетуге тиісті. Оқулықтың шеңберінен шыға алмай, жалаң дайындықпен тиянақты, сапалы білім беру мүмкін емес. Қандай сабақ өткізсең де дидактикалық заңдылықты сақтай отырып, жаңа сабаққа кірісу – ең тиімді жол екендігі белгілі.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларына сапалы білім беру – 5-6-7 сыныптарда берілген білімнің сапасына тікелей байланысты. Сөйбей, осы сыныптарда негізгі пәндердің теориялық материалдарының алғы шарттары өткізіле бастайды. Сондықтан, осы сыныптарға мектептің ең шыңдалған, білімді, тәжірибелі ұстаздардың сабақ бергені дұрыс. Мектепшілік тексеруді осы сыныптарда күн сайын жүргізу қажет.

Ұлт жоспарының 76-қадамында 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту міндеті қамтылған. Әкінішке орай, биылғы жылдың қаңтар айында 12 жылдық білім беру эксперименті (2003 жылдан бері жүргізіліп келген) уақытша тоқтатылды. Негізінен келтіріп отырған жүйелі дәлел-дәйегіміз бар. Біріншіден, 12 жылдыққа қатысты нормативті құжаттар дайын емес; екіншіден, оқулықтар мен оқу құралдары жеткіліксіз; үшіншіден, елімізде 200-ге жуық апатты жағдайдағы және үш ауысымдағы мектептер бар; төртіншіден, XI, XII-сыныптарға білім беретін білікті магистрлер дайындала қойған жоқ. Енді, Елбасының нақты бақылауымен осы кемшіліктердің орнын толтырғаннан кейін ғана, 12 жылдық білім беруге көше аламыз.

Сондай-ақ, 79-қадамда білім беру жүйесінде жастарды ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшіру, даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру міндеттері көзделген. Сөйбей, электронды байланыстың 70 пайызы, техникалық байланыстың 80 пайызы ағылшын тіліне тәуелді. Дегенмен, қос тілділік проблемасын зерттеп жүрген канадалық ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, біріншіден, оқушы өз ана тілінің уызына жарығаннан кейін ғана шет тілін оқыту керек; екіншіден, ана тіліне басымдық бере отырып, шет тіліне оқытуымыз қажет.

Сондықтан, 76, 79-қадамдарды іске асыру үшін де білікті мұғалімнің сапалы, тыңғылдық білім беруі талап етіледі.

Тақырыбымызды түйіндер болсақ, білікті мұғалім – мектеп білімінің сапалы оқушыдан басталады. Егер мұғалім мамандығы әлеуметтік жағынан шынайы қорғалса, оған өз ертеңіне сенімді, білікті жастар барады. Интеллектуалды және азаматтық әлеуеті жоғары мұғалім қоғамның көз келген саласында жұмыс істей алатын білімі сапалы, ерік-жігері мықты, біліктілігі толысқан жаңа формация мамандарын тәрбиелейтіндігі ақиқат!

Нұржәмила ӘЛІБЕКОВА,
Карасевка ОМ-нің жоғарғы санатты мұғалімі.

Білгенің жөн

ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҚ ТОЙЛАРЫ

Әр шаңырақтың қарапайым, салтанатты түрде атап өтетін мереке, тойлары бар. Олардың кейбіріне көп қонақ шақырылса, кейбіріне ең жақын туған-туыс, көрші-көлем ғана келеді. Той – қуаныш-қызықты бірге бөлісу үшін ағайынның басын қосу, туған-туысты ынтымақырысқа шақыру, өзара қарым-қатынасты нығайту, ұлттық салт-дәстүрді ұлықтау. Алайда мал-мүлік шашып, атын шығару үшін көл-көсір той жасау – астамшылық, ысырапқорлық. Тек, Аллаһ Тағала әр шаңырақты «Баласына бір той жасап бере алмай, бұл өмірден өтіп кетті-ау, қанша адам!», - деп ақын жырлаған өкініштен сақтағай!

Шілдехана
Халықтың ескі сенімінде жаңа туған нәрестені жалғыз қалдырса, әртүрлі «жын-шайтан», «перілердің» салқыны соғуы мүмкін. Сондықтан да одан оны қорғау үшін сәби дүниеге келген күні кешкілік ауыл жастары шілдеханаға жиналып, ән айтып, күй тартады. Қыз-келіншектер мен бозбалалар айтысып, жеңгендері тоғызын алып, әртүрлі ойындар өткізіледі. Кейде шілдехана үш күнге созылады. Шілдеханаға жастар жиналады. Оған үлкендер бата беру үшін ғана келеді. Шілдехана тойында жаңа босанған әйел үшін қалжаға сойылған малдың еті ортаға келгенде жөн білетін бір кісі омыртқа-ны қолына алып, оның етінен әйелдердің бәріне ауыз тигіздіртіп, әбден мүжіп, тазартады да, сүйекті тобылғыға тізіп, үй ішіндегі биік жерге іліп қояды. Мұнысы – баланың мойны тез бекісін деген ырым.

Бесік тойы

Жаңа туған баланы бесікке салу – ізгі дәстүр. Қазақ оны тойға ұластырады. Баланы бесікке салу тойына әйелдер шашуларын ала келеді. Жас сәбидің ұйқысы тыныш болуы үшін бесікті адыраспанмен аластайды. Ауылдың, әулеттің жасы үлкен, беделді әйелі

арасынан жүрісі жылдам, қимылы ширақ, іске елті адам таңдап алынып, баланың тұсауын кесуді соған тапсырады. Тұсау кесерге арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын (ұрлық, зорлық жасамасын) деген ырымнан, тілектен шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, соны кестіреді. Тұсауы кесілген соң, сәбиді екі адам ортаға алып шығып, тез-тез жүргізеді. Осы кезде «тұсаукесер» жыры айтылады. Бала алғаш отырғанда, бала алғаш жүргенде, баланың тұсауын кескенде мынандай тілектер айтқан абзал:

БАЛА АЛҒАШ ОТЫРҒАНДА:

- Отырсын балам, отырсын,

Құшағын гүлге толтырсын.

БАЛА АЛҒАШ ЖҮРГЕНДЕ:

- Тәй-тәй балам, тәй балам, Жүре қойшы жәй балам,

Қарыс сүйем қаз бастың, Қадамыңнан айналдым.

БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫН

КЕСКЕНДЕ:

- Күрмеуінді шешейік; Тұсауыңды кесейік.

Ала жіпті алайық, Әжеңе алып барайық.

Ер жетті деп айтайық, Шашуын жеп қайтайық.

Қаз-қаз балам, қаз балам, Қадам бассаң мәз болам.

Тааы-тааы баса әой, Тақымыңды жаз, балам,

Қаз баса әой, қарағым, Құтты болсын қадамың!

ТІЛАШАР ТОЙЫ

Бүлдіршіннің тілі жеке-жеке сөздерді айтуға икемделе бастағанда ауылдың ділмар, шешен ақсақалдарын шақыртып, баланың тілі тез шықсын деген

Сүндет тойға ғана төн өзіндік ерекшелік – тойға қонақтарды баланың өзі шақырады. Бұрындары сүн-дет тойы өткізілерде айшықты тарланбозға мінген сәнді киімді бір бозбала мен құйрығы шарт түйілген жорға мінген сүндет бала ауылды аралап, көпшілікті тойға шақыратын. Сүндет баланың бауырсақ пен көмпит толтырылған қоржынынан ат басын тіреген үйіндегілер дәм татқан, түсті матаны жыртып, бала мінген жорғаның жалына байлаған. Сәрсенбі күні сүндетке отырғызылған баланың тойына келгендер «сүндет қабыл болсын!», - деп, баланың айналасын жеміс-жидек, тәтті дәмге толтырады, көрімдік береді.

Дәстүрлі үйлену тойы

Оның мынандай 8 кезеңі бар: қыз таңдау, қыз айттыру, жаушы жіберу, құда тұсу тойы, есік-төр көрсету тойы, ұрын той, қыз ұзату тойы, келін түсіру тойы.

Құда тұсу тойында жігіттің туған-туысқандары құдалыққа қыз ауылына барып, қонақасы жеп, бата бұзбауға серттеседі, құйрық-бауыр жесіп, құда-құдағи болады. Есік-төр көрсету тойында қыздың туған-туысқандары жігіт ауылына қарсы тойға барып, құда тұсу тойындағыдай көделерін береді. Ұрын той күйеу баланың қалыңдығымен кездеуіне мүмкіндік туғызу үшін жасалады. Мұнда күйеу баладан: еңтікпе, шатыр байғазысы, балдыз көрімдігі, қыз қашар, күйеу қашырап, желі тартар, ит ырылдар, бақан салар, үйге кірер, кемпір өлді, шымылдық ашар, төсек салар, қыз құшақтатар, шаш сипар, көрпе қимылдатар көделері алынады. Қыз ұзату тойында құда-құдағидан, күйеу баладан: ат байлар, құдай жолы, шаңырақ көтерер, уық шаншар, туырлық жабар, түндік жабар, үзік жабар, бау-шу байлар, отау байғазысы тәрізді көделер алынып, қыз бен жігіт ақ отауда оңаша кездеседі, некесі қиылады, түрлі ойын-сауық өткізіліп, «Жар-жар» айтылады, қыз аттанарда «сыңсу» айтылып, қыз ұзатылады. Келін түсіруде «Беташар» айтылады, той, негізінен, қыз ұзату тойымен бірдей өткізіледі.

Төсек тойы. Келін төсегімен жүкті болғанында оны астыртын бір абысынына жеткізіп, ол енесіне барып хабарлайды. Осы жақсы хабарды естіген ене әйелдердің басын қосып, еркектер араласпайтын төсек тойы деп аталатын ырымды жасап береді.



ниетпен «тілашар тойы» жасалады. Тойда «тілің тез шықсын!» деп, сәбиге қойдың тілін жегізеді. Қойдың ішегімен баланы жорта буындырып тұрып: «Сөйлейсің бе?», - деп, үш рет «сөйлеймін» деген уәдесін алады. Сонан соң ақсақалдар: «Сандуғаштай сайрап кет!», «Жиреншедей шешен бол, Жәнібектей көсем бол!», - деп ақ батасын береді.

Сүндет тойы

Ата-анасы сүндет тойын өткізетін сәтті күнді алдынала белгілейді.

Алдыңғы толқын

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ

12 тамыз күні Арықбалық ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында Арықбалық ауылдық округі ардагерлер ұйымының есептік-сайлау конференциясы болып өтті.

Жиында сөз алған аталмыш округтің ардагерлер ұйымының жетекшісі Махмұд Баишев көпшіліктің алдында бес жыл бойы атқарылған жұмыстар легін саралады. Соның ішінде ерекше атап кететін жайт, үстіміздегі жылы тойланған Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Атаулы мейрамның өз деңгейінде өтуіне соғыс және еңбек ардагерлерінің сіңірген еңбегі зор. Жастары жетпіс-сексенді алқымдаса да ардагерлер үлкейдік демейді. Үнемі қоғамдық жұмыстың бел ортасынан табылатын жандар жыл сайын өтіп тұратын спартакиада ойындарына, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ секілді спорт түрінен спорттық жарыстарға, мәдени шараларға жиі қатысады. Махмұд Мұхамбетжанұлы ардагерлердің үнемі қатарда жүруі ең алдымен жас толқынға патриоттық тәрбие беріп, ел тарихын құрметтеп, үлкендерге деген кішіпейілдік сезімін қалыптастыруда мәні зор деді.

Жарыссөзге шыққан ардагерлер Анатолий Мигаль, Валентина Ахметова, ауылдық округтің әкімі Қалымтай Шарапов және тағы да басқа ауыл тұрғындары ардагерлерді толғандырған су құбырларындағы ауызсу сапасын жақсарту, дәрханалардағы дәрілердің бағасына бақылау жасау, Арықбалық дәрігерлік амбулаториясындағы флюороға түсіру және тіс емдеу кабинеттерінің жұмыстарын жандандыру, қаңғыбас иттерді жою, «Қазпошта» АҚ банкоматы жұмысын ретке келтіру, «Арықбалық-Саумалкөл», «Арықбалық-Көкшетау» бағытындағы автомобиль жолдарының сапасын жақсарту мәселелеріне тоқталды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров Махмұд Байшевтің атына шан алғысын білдіре келе, оған аудандық ардагерлер кеңесінің Алғыс хаты мен бағалы сыйлығын табыс етті.

Білік, саясат, білім, спорт, мәдениет саласында белсенділік танытып, олармен ұдайы жақсы қарым-қатынаста келетін ардагерлер кеңесінің жұмысына қатысушылар мен делегаттар қанағаттанарлық баға берді.

Жиын соңында Арықбалық ауылдық ардагерлер ұйымының жаңа мүшелері сайланып, ұйымның төрайымы болып Валентина Жанбатырқызы Ахметова бірауыздан сайланды. Ал ауыл ақсақалдары кеңесін В.Красников басқаратын болды.

Сонан соң аудандық ардагерлер ұйымының конференциясына делегаттар сайланды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

кезде биелер желіге байланып, ағайын, туған-туыс, көрші-көлем бірін-бірі қымыз ішуге шақырады. Қымызмұрындықта құран оқылып, мал сойылып, түрлі ойын-сауықтар да өткізіледі.

Мизам (сабан той) – күз айында диқандар мен бағбандардың, жиналған өнімдердің құрметіне арнап өткізілетін той. Сабан тойда түрлі жарыстар, ойын-сауықтар ұйымдастырылады.

Соғым басы – қыс тойы. Қар жауып, аяз түсіп, адамдар соғым сойғанында, одан ауыз тиюге көрші-көлемін, туған-туыстарын қонаққа шақырады. Олар: «Соғым сүйгін болсын!», - деп тілек айтады. Қыстың ұзақ түнінде соғым басына жиналған ауыл адамдары терме, қисса, ертегі тыңдап, көңілдерін көтереді.

ДІНИ МЕРЕКЕЛЕР: ОРАЗА АЙТ, ҚҰРБАН АЙТ, МӘУЛІТ.

Ораза айт – Фазр Ораза уақытының, Рамазан айының аяқталуының құрметіне мұсылмандар тойлайтын мереке. Ораза айт мейрамы Шәууәл айының бірінші жұлдызында басталып, үш күнге созылады. Мұсылмандар бірін-бірі Ораза айтпен құттықтап, бір-бірінен айттық алады.

Құрбан айт – Зұлхиджа айының 10 күні басталып, 3-4 күнге созылады. Құрбан айт хижра жыл есебінің басы болып саналады. Құрбан айтты мерекелеу бозала таңнан басталады.

Қасиетті Құрбан айтта мүмкіндігі бар мұсылмандар Аллаһ Тағаланың ризашылығы үшін мал сойып, құрбандық шалады. Жағдайы жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет емес. Құрбан айттың алғашқы күні – Қазақстанда демалыс. Мәуліт мерекесі – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туылған күніне арнап өткізіледі. Мәуліт – Пәкістанның ресми мерекесі. Мәулітте Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) арнап мәуліт оқылады, құранды мәнерлеп оқудан жарыс өткізу тәрізді түрлі діни шаралар ұйымдастырылады.

Туған күн тойлары

Әрбір ата-ана баласының бір жасқа толғанынан бастап, жыл сайын туған күнін атап өтеді. Мұның ішінде баласының ең алғашқы мүшел жасқа (13 жасқа, содан кейінгі мүшел жас оған 12 жылды қосып отыру арқылы анықталады) толып, одан аман-сау өтуі ата-аналар үшін үлкен қуаныш. Жас сәби ержетіп, азамат болғаннан кейін өз туған күнін өзі өткізеді, оған құрбы-құрдастарын шақырады, ата-аналарына да дастархан жайып береді. Туған күннің ішінде 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100-ге толу – мерейтой болып саналады. Дәулеті барлар оны үлкен тойға айналдырады. Мерейтойы мүшел жасының алдында келсе, мүшел жастан шыққаннан кейін барып той жасайтындар бар. Өйткені, халық сенімінде мүшел жас

әртүрлі ауыртпалықтарға толы.

Отбасылық өмірдің әр жылындағы тойлар

Ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанына, сөйтіп, шаңырақ құрғанына белгілі бір уақыт толғанда атап өтетін тойлары болады. Еуропалықтардың бұл дәстүрінің кейбірі қазақ отбасыларына да төн. Мысалы, отбасының күміс тойын, алтын тойын өткізуі. Біз өнді отбасылық өмірдің әр жылындағы тойларға тоқталсақ.

Шыт той - отбасы құрғаннан кейін бір жыл өткен соң атап өтіледі. Бұл күні ерлі-зайыптылар бір-біріне шыт орамал сыйлайды.

Ағаш той – отбасылық өмірдің бесжылдығына орай аталып өтіледі. Бұл күні ерлі-зайыптылар бір-біріне ағаштан жасалған бұйымдар сыйлайды.

Раушан той – онжылдық бас қосу мерекесі. Бұл күні достар қонаққа шақырылады, барлығы қолдарына раушан гүлдерін ұстап билейді.

Әйнек той – онбесжылдық той. Бұл күні сыйлық шыныдан істелген бұйымдар бо луы шарт. Әйнек – ерлі-зайыптылар қарым-қатынасының мәлдірлігінің куәсі болмақ.

Фарфор той – отбасылық өмірдегі жиырма жылдан кейін атап өтіледі. Шақырылған меймандарға тағамдар фарфордан жасалған жаңа ыдыстарға салынып тартылады.

Күміс той – жиырма бес жылдан кейін аталып өтіледі. Бұл күні некелік алтын сақинаның қасына күміс сақина қосылуы керек.

Інжу той – отыз жылдан кейінгі той. Бұл күні күйеуі әйеліне алқа сыйлауы керек, бұл өткен күндердің бәрінің де інжудей тартымды болғанының куәсі болмақ.

Кенеп той – отыз бес жылдан кейін тойланады. Бұл күні кенептен тігілген заттар сыйланып, кенеп дастарқан жайылады.

Лағыл той – қырық жыл өткеннен кейінгі мереке. Бұл күні сыйланған алтын сақинаға махаббат пен жалынның белгісі – лағыл орнатылған болуы шарт.

Алтын той – отбасылық өмірдің елу жылдық торқалы тойы. Мерекелік алтын сақиналар жаңа сақиналармен ауыстырылады.

Гауһар той – отасқанына алпыс жыл өткенде тойланады. Мұны атап өту – ендігі жерде бұл некені ешкім бұза алмайды деген ұғымға саяды.

Темір той – ерлі-зайыптылық өмірдің алпыс бес жылдығында өтеді.

Тас той – мұның бір ерекшелігі, неке қиылғанына алпыс жеті жарым жыл өткенде аталып өтіледі.

Игілікті той – жетпіс жыл өткенде тойланады.

Тәждік той – бұл ең соңғы той болып есептелмек, отбасылық өмірдің жетпіс бес жылы өткенде атап өтіледі.

Той-тойға ұлассың, ағайын!

Баспаға материалды дайындаған Бағлан ҚОЖАҚОВ.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 24 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 9:55 «Апта. kz» 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Сырғалым». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Еңбек түбі - береке» 12:50 «Дауа» 13:25 «Білгірлер бәйгесі». 14:10 «Аксауыт» 14:45 «Білгіштер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:00 «Жүрегім сізге аманат». Тх. 16:50 ДЗЮДО. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. Финалдық бөлім. Ерлер 60 кг Қыздар 48 кг. 20:05 «ТАРИХ ТОЛКЫНЫНДА» 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Арман асуы». Тх. 22:40 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 23:40 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:10 «Өзекжарды» 0:30 «Тарих толқынында» 0:50 ФУТБОЛ. Ағылшын Премьер-Лигасы. 3 тур «ЛИВЕРПУЛЬ» - «АРСЕНАЛ». 2:50 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
7:00 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:35 «Магия кухни» 12:10 «Подари детям жизнь» 12:15 Мф . «Маша и медведь» 12:30 Мф . «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор-2» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Тх. «Күн сақшылары» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости 18:10 Тх. «Сұлтан Сүлейман» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Верь мне» 22:20 Тх. «След» 23:10 «Жекпе-жек» 23:55 Қорытынды жаңалықтар 0:25 Итоги дня 0:55 «Әр үйдің сыры басқа» 1:25 «Бұйымтай» 2:10 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ
6:00 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Мелодрама «А СЧАСТЬЕ ГДЕ-ТО РЯДОМ» 12:00 Кино «ЛЮТЫЙ» 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ГОД В ТОСКАНЕ». Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ШУЛЕР». Кино 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1
05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50, 04.45 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Пилот международных авиалиний» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 20.55 Т/с «Шаманка» 23.45 Х/ф «Вечный зов» 9, 10 с. 02.40 Т/с «Служба доверия» 03.35 «Комната смеха»

ТВ-ЦЕНТР
9.00 «Настроение». 11.20 Х/ф «Неуловимые мстители». 12.50 Х/ф «Новые приключения неуловимых». 14.30, 17.30, 20.30, 1.00 События. 14.50, 17.50 Х/ф «Домик у реки». 18.45 Т/с «Чисто английское убийство». (12+). 21.00 «Право голоса». 22.30 Город новостей. 22.45 Т/с «Чкалов». 0.45 «Петровка, 38». 1.30 «Осторожно, мошенники!». 2.05 «Удар властью. Лев Рохлин». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Х/ф «Я все преодолелю». 7.10 «Добро пожаловать домой!» (6+). 8.00 Т/с «Маленькие чудеса природы». (12+).

СЕЙСЕНБІ, 25 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Арман асуы». Тх. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Сырғалым». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «SPORT. KZ» 13:10 «Жырым мені ешқашан өлтірмейді». Т.Молдағалиевтің сөзіне жазылған әндер 14:25 «СТИЧ». Мх. 14:50 «Білгіштер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:00 «Жүрегім сізге аманат». Тх. 16:50 ДЗЮДО. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. Финалдық бөлім. Ерлер 66 кг Қыздар 52 кг. 20:05 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Арман асуы». Тх. 22:40 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 23:40 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:15 «Өзекжарды» 0:35 «Қылмыс пен жаза» 1:00 «Келбет» 1:30 «Тарих толқынында» 1:55 «Сыр-сұхбат» 2:25 «Журналистік зерттеу» 2:50 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
7:00 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Верь мне» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Мф . «Джейк и пираты Нетландии» 12:45 Экзотикласс 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 . «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор-2» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Тх. «Күн сақшылары» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости18:15 Тх. «Сұлтан Сүлейман» 19:10 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30

«Бюро расследований» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Верь мне» 22:20 Тс. «След» 23:10 «Арнайы хабар» 23:40 Қорытынды жаңалықтар 0:10 Итоги дня 0:40 «Бұйымтай» 1:25 «Әр үйдің сыры басқа» 1:55 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ
6:00 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Мелодрама «А СЧАСТЬЕ ГДЕ-ТО РЯДОМ» 12:00 Кино «ЛЮТЫЙ» 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ГОД В ТОСКАНЕ». Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ШУЛЕР». Кино 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1
05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Пилот международных авиалиний» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Шаманка» 23.45 Х/ф «Вечный зов» 11, 12 с. 03.00 Т/с «Служба доверия» 04.00 «Комната смеха»

ТВ-ЦЕНТР
9.00 «Настроение». 11.05 Х/ф «Корона Российской империи, или Снова неуловимые». 13.40 Д/ф «Георгий Даниеля. Великий обманщик». 14.30, 17.30, 20.30, 1.00 События. 14.50 Комедия «Не надо печалиться». 16.40 Д/ф «Вся клюква о России». 17.50 Без обмана. «Полосатый бизнес». 18.40 Т/с «Чисто английское убийство». (12+). 21.00 «Право голоса». 22.30 Город новостей. 22.45 Т/с «Чкалов». 0.45 «Петровка, 38». 1.30 «Осторожно, мошенники!». 2.05 «Удар властью. Лев Рохлин». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Х/ф «Я все преодолелю». 7.10 «Добро пожаловать домой!» (6+). 8.00 Т/с «Маленькие чудеса природы». (12+).

СӘРСЕНБІ, 26 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Арман асуы». Тх. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Сырғалым». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Қылмыс пен жаза» 13:10 «Поэзия өлемі» 13:40 «Ғасырлар үні» 14:25 «СТИЧ». Мх. 14:50 «Білгіштер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «Жүрегім сізге аманат». Тх. 17:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ұлжан». 19:05 «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫ». 19:30 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Тх. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Арман асуы». Тх. 22:40 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 23:40 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:15 «Өзекжарды» 0:35 «Қазақ хандығының 550 жылдығы». 0:55 «Қылмыс пен жаза» 1:15 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф 1:45 «Поэзия өлемі» 2:15 «Шарайна». 2:45 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
7:00 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Верь мне» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:20 «Подари детям жизнь» 12:25 Мф . «Маша и медведь» 12:35 Мф . «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 . «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор-2» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Тх. «Күн сақшылары» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости18:15 Тх. «Сұлтан Сүлейман» 19:10 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мерейлі отбасы» 20:45 «Мерейлі отбасы» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Верь мне» 22:20 Тс. «След» 23:10 «Біздің үй» 0:00 Қорытынды жаңалықтар 0:30 Итоги дня 1:00 «Әр үйдің сыры басқа» 1:30 «Бұйымтай» 2:15 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ
6:00 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Мелодрама «А СЧАСТЬЕ ГДЕ-ТО РЯДОМ» 12:00 Кино «ЛЮТЫЙ» 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ГОД В ТОСКАНЕ». Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ШУЛЕР». Кино 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1
05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50, 04.45

Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Пилот международных авиалиний» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Шаманка» 23.45 Х/ф «Вечный зов» 13, 14 с. 02.40 Т/с «Служба доверия» 03.40 «Комната смеха»

ТВ-ЦЕНТР
9.00 «Настроение». 11.10 Х/ф «Дайте жалобную книгу». 12.55 Х/ф «Любимая женщина механика Гаврилова». 14.30, 17.30, 20.30, 1.00 События. 14.50 Х/ф «Очкарик». 16.40 Д/ф «Золушки советского кино». 17.50 «Удар властью. Лев Рохлин». 18.40 Т/с «Чисто английское убийство». (12+). 21.00 «Право голоса». 22.30 Город новостей. 22.45 Т/с «Чкалов». 0.45 «Петровка, 38». 1.30 «Линия защиты». 2.05 «Хроники московского быта. Звездная жилплощадь». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Х/ф «Привет, Киндер!» 5.25 Комедия «Невыносимая жестокость». (16+). 7.20 «Добро пожаловать домой!» (6+). 8.10 Д/ф «Вся клюква о России».

РЕН ТВ
6.00,10.00,5.00 «Территория заблуждений с Игорем Прокопенко». 7.00 «Не ври мне!». 8.00,4.30 «Смотреть всем!». 8.30 «Зеленый огурец. Полезная передача». 9.30,13.30,17.30,20.30,0.00 «Новости». 12.00 «Документальный проект». «Солнце». 13.00,17.00,20.00 «Информационная программа 112». 14.00 «Званый ужин». 15.00 Х/ф «Рэд 2». (16+). 18.00 «Тайны мира с Анной Чапман». «Завещание титанов. Секретные материалы». 19.00 «Тайны нашей планеты». «Морские демоны». 21.00 Х/ф «Возвращение героя». (16+). 23.00 «М и Ж». 0.25,1.20,2.45 Т/с «Ганнибал». (18+). 2.15 «Водить по-русски». 3.40 Т/с «Ганнибал». (16+).

БЕЙСЕНБІ, 27 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Арман асуы». Тх. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Сырғалым». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Агробизнес» 13:10 «Қазақ хандығының 550 жылдығы». 13:35 «Шетелдегі қазақ балалары». 14:00 «Жан жылуы» 14:25 «СТИЧ». Мх. 14:50 «Білгіштер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «Жүрегім сізге аманат». Тх. 17:05 «Ұлы дала дүбірі». Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ұлжан». 19:00 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Тх. 20:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 20:35 ФУТБОЛ. УЕФА ЕУРОПА ЛИГАСЫ. Плей-офф раунды. Екінші матч «ҚАЙРАТ» (Қазақстан) - «БОРДО» (Франция) 22:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 23:35 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:10 «Өзекжарды» 0:30 «Индустриаландыру: 0:55 «Жан жылуы» 1:15 «Шетелдегі қазақ балалары». 1:35 «Ұлы дала дүбірі». Д/ф 2:00 «Сіз не дейсіз?» 2:30 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
7:00 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Верь мне» 11:00 Новости 11:10 «Мерейлі отбасы» 11:25 «Мерейлі отбасы» 11:40 «Магия кухни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Мф . «Маша и медведь» 12:30 Мф . «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 . «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор-2» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Тх. «Күн сақшылары» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости 18:15 Тх. «Сұлтан Сүлейман» 19:10 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мерейлі отбасы» 20:45 «Мерейлі отбасы» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Верь мне» 22:20 Тс. «След» 23:10 «Біздің үй» 0:00 Қорытынды жаңалықтар 0:30 Итоги дня 1:00 «Әр үйдің сыры басқа» 1:30 «Бұйымтай» 2:15 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ
6:00 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «А СЧАСТЬЕ ГДЕ-ТО РЯДОМ». Заключительная серия 12:00 Кино «ЛЮТЫЙ» 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ГОД В ТОСКАНЕ». Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ШУЛЕР». Кино 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1
05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50, 04.45 Вести. Дежурная часть 15.00 Х/ф «Люба. Любовь» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Шаманка» 23.45 Х/ф «Вечный зов» 15, 16 с. 02.40 Т/с «Служба доверия» 03.40 «Комната смеха»

ТВ-ЦЕНТР
9.00 «Настроение». 11.10 Х/ф «Наш общий друг». 13.35 Д/ф «Игорь Костолевский. Рассставаясь с иллюзиями». 14.30,17.30,20.30,1.00 События. 14.50 Х/ф «Полный вперед!» (6+). 16.35 Д/ф «Рыцари советского кино». 17.50 «Хроники московского быта. Звездная жилплощадь». 18.40,7.20 Т/с «Чисто

английское убийство». (12+). 21.00 «Право голоса». 22.30 Город новостей. 22.45 Т/с «Чкалов». 0.45 «Петровка, 38». 1.30 «Осторожно, мошенники!». 2.05 Д/ф «Жуков и Рокоссовский. Служили два товарища». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Д/ф «Цеховики. Опасное дело». 4.55 Х/ф «Любимая женщина механика Гаврилова». 6.30 «Добро пожаловать домой!» (6+).

ЖҰМА, 28 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Сағындырған әндер-ай!» 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Сырғалым». Тх. 10-бөлім 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:40 «ИМАН АЙНАСЫ» 13:05 «ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС». 13:30 «Баламен бетпепет» 13:55 «Жүзден жүйрік» 14:25 «СТИЧ». Мх. 14:45 «Білгіштер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «Жүрегім сізге аманат». Тх. 17:05 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ғасырлар үні» 19:00 «Менің ҚАЗАҚСТАНЫМ!» 19:30 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Тх. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Шын жүректен!» 22:40 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 23:40 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:15 «Өзекжарды» 0:35 Кино «Әурелен» 1:50 «Шын жүректен!» 2:40 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
7:00 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Верь мне» 11:00 Новости 11:10 «Мерейлі отбасы» 11:25 «Мерейлі отбасы» 11:40 «Магия кухни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Мф . «Маша и медведь» 12:30 Мф . «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 . «Семейные мелодрамы» 14:05 Тс. «Женский доктор-2» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 18:00 Новости18:15 Тх. «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мерейлі отбасы» 20:45 «Мерейлі отбасы» 21:00 Итоги дня 21:30 Мегахит. «Воины 3у» 22:55 Тх. «Құрбылар» 0:55 Қорытынды жаңалықтар 1:25 Итоги дня 1:55 «Әр үйдің сыры басқа» 2:25 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ
6:00 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «ЛЮТЫЙ» 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 14:40 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:55 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 Фильм «СОЛНЦЕКУРГУ» 17:45 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ШУЛЕР». Заключительные серии 1:35 «П@УТИНА» 1:55 «СҮЙГЕН ЖАР». 2:35 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 3:15 «ШПИОНСКИЕ ИГРЫ» 3:45 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №»

РОССИЯ 1
05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.50 «Новая волна - 2015» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Х/ф «Люба. Любовь» 18.15 «Прямой эфир» 21.00 «Кривое зеркало» 23.25 Х/ф «Белое платье» 01.25 Х/ф «Эгоист» 03.20 «Горячая десятка» 04.25 «Комната смеха»

ТВ-ЦЕНТР
9.00 «Настроение». 11.10 Х/ф «Сверстницы». 12.50,14.50 Х/ф «Шерлок Холмс и доктор Ватсон». 14.30,17.30,20.30,1.00 События. 16.00 И. Хакамада «Жена. История любви». 17.50 Д/ф «Жуков и Рокоссовский. Служили два товарища». 18.40 Т/с «Чисто английское убийство». (12+). 21.00 «Право голоса». 22.30 Город новостей. 22.55 Т/с «Каменская. Не мешайте палачу». 1.30 Приют комедиантов. «Мосфильм» за кадром». 3.25 Д/ф «Зинovieй Гердт. Я не комик...». 4.15 Т/с «Пуля-дура. Изумрудное дело агента». 7.40 «Петровка, 38». 8.00 Тайны нашего кино. «Интердевочка».

СЕНБІ, 29 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:00 «Қымызхана» 8:35 «АГРОБИЗ-НЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ». 10:05 «ДАУА» 10:40 «Батыл жүрек» Мф 12:10 «Ұлттық шоу: Роза шақырады» 13:30 «БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ». 14:15 Драма «Мыңжылдық тырна» 16:10 «Бейбіт атом энергетикасын дамытудың сара жолында». 16:30 ДЗЮДО. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. Финалдық бөлім. Ерлер - 100 кг + 100 кг. Қыздар 78 кг. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:00 «СЕНБІЛІК КЕЗДЕСУ» 22:30 «Жайдарман». Республикалық Жоғары Лига. 1/4 финал. 1-топ 0:20 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:50 Кино «Мыңжылдық тырна» 2:30 «Дауа» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
7:00 Концерт 8:45 «Бармысың, бауырым?» 9:25 «Продовпрос» 9:45 «Ұлт саулығы» 10:10 Д/ф «Часы судного дня» 10:40 «Мерейлі отбасы» 10:55 «Мерейлі отбасы» 11:10 М/ф «Семейка Праудов» 12:40 Сказки братьев Grimm. «Рапунцель» 13:45 «Орталық Хабар» 14:40 «Жұлдызды дода» 16:15 «Тур де Хабар» 16:45 Кино. «Молюко, сметана, второг» 18:05 Концерт «Астанаға тарту» 19:25 «Бенефис-шоу» 20:30 «Мерейлі отбасы» 20:45 «Мерейлі отбасы» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Д/ф «Операция: Сапфир» 22:50 Мегахит. «Призрачный

гонщик 2» 0:30 Тх. «Құрбылар» 2:30 С

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	20/08 БС	21/08 ЖМ	22/08 СН	23/08 ЖК	24/08 ДС	25/07 СС	26/08 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+19 +9	+22 +10	+23 +11	+23 +12	+20 +11	+21 +8	+15 +12
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		751	754	754	752	753	751	750
Желдің бағыты		С-Б	С-Б	С-Б	С-Б	С-Ш	С-Б	С
Желдің шапшаңдығы		6-8	3-6	2-4	4-6	3	3-5	5

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Анаға тағзым

Әлемдегі небір құдіреттің бәрі де ананың ақ сүтінен тараған дейтін болсақ ана біткенді аялы алақанға салып, оларға қашанда орасан зор құрмет көрсетуге келгенде алдына жан салмайтын халық – осы біздің қазақ екеніне ешкім де дау айтпасы ақиқат.

Адал жар бола білген құдай қосқан қосағым, аяулы анамыз, сүйікті әжеміз **Әбенова Алтыкен Әбенқызының** өмірден озғанына 20 жыл толып отыр. Асыл ана 1938 жылы Айыртау ауданындағы Қарақамыс ауылында туған. Көп жыл Карасевка селосында Қамсақты селолық Советінде адал жемісті еңбек етіп дүниеден ажарлы болып өтті. Қырық жыл ұстаз болған, тыл ардагері Қапсан Тәжібайұлы Бейсембаев әкемізбен бірге мағыналы өмір сүріп, бес бала тәрбиелеп өсірді. Бөріне де жоғары білім беріп, азаматтар қатарына қосып кетті. Барлығымыз асыл жанның жатқан жерінің топырағы торқа болып, жаны жәннатта, төні рахатта, иманы жолдас болсын дей отырып, назарларыңызға жерлесіміз Айыртау ауданының құрметті азаматы Тайлақ Жалмұрзеновтің «Анаға тағзым» атты толғауын ұсынып отырымыз.

Ал, ағайын, тыңдағын,
Сөз бастайды ақының,
Желден жүйрік аыным,
Салдырмас қамшы дарыным.
Сапырдым сөздің қайнарын,
Жырыммен елім жайнағын.



Ерттедім жырдың пырағын,
Жайқалтып Қоскөл құрағын.
Сырымбет тау ессін самалың,
Құлагерді мініп шабайын.
Сұлулықты сүйген Маажандай,
Сұлулықты кеп тұр жырлағым.
Ааамыз Қапсан Ақандай,
Сұлу сүйген бекзатым.
Тамсанып таңдай қаққандай,
Шығарайын ердің жақсы атын.
Аааа асыл жар болған,
Жеңешем аты Алтыкен.
Аққу сылқым сыланған,
Бақытын өрзен бесіктен.
Алтыкен десе Алтыкен,
Жан еді, шіркін, бір ажап.
Ақ ордасы ту тіккен,
Көкшетауда тұр жайнап.
Замана ыстық, суығын,
Тең бөлісіп жарымен.
Отауының жамап жыртығын,

Мейманын күткен барымен.
Сақтап сұлу келбетін,
Нұрландыраан жер бетін.
Жаны бір жайсаң келіннің,
Көрі-жас көрді құрметін.
Алаңсыз күндер шаттығы,
Есімізден кетпей жүр өлі.
Ақынымыз қалай ұмытсын,
Қолынан татқан тәттіні.
Кітапхана жұмысын,
Жүргізген әсем ырақпен.
Көріп күміс күлкісін,
Өстік тыңдап сырлы әнін.
Ұлын-қызын жеткізіп,
Дүниеден өтті жеңешем.
Инжуін бізге тергізіп,
Орын алды жүрек төрінен.
Көрем деп қызық жүргенде,
Дарига жүрек тоқтады.
Ақ келінін ажарлы,
Қалың елім жоқтады.
Содан бері байқалмай,
Жиырма жыл өтіп кетіпті.
Ұл-қызы өскен жасындай,
Еске алады бүгін тосылмай.
Қыран қиял өрлейді,
Жырлауға елдің анасын.
Алтыкеннің ісі өлмейді,
Ұрпақпен тапқан жалаасын.
Сағынышпен еске алушылар:
жұбайы Бейсембаев Қапсан Тәжібайұлы, балалары, келіндері, күйеу баласы, немерелері, шөберелері.

2015 жылдың тамыз айының 20 жұлдызында Көкшетау қаласындағы «Түркістан» мейрамханасында 14.00 сағатта марқұмның 20 жылдық асы беріледі.

Мереке мезеті

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін біріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның дені сау, қимылы ширақ болатыны да рас. Біздің ата-бабаларымыз «Дені саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауларында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Расында да, бүгінгі таңда ақсақалдардан бастап жастарға дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруде.

Өткен аптада «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ғимаратының мәжіліс залында Спорт күніне арналған салтанатты марапаттау жиыны болып өтті.

Аталмыш мерекемен құттықтаған аудан басшысы Ағзам Тастеміров ауданымыздағы спорт саласындағы атқарылып жатқан толағай жетістіктерге ризашылығын білдірді. Жыл сайын спорттық нысандар қалпына келтіріліп, жылдан-жылға спортпен шұғылданушылардың санының артып отырғанын айтты.

Спорттың ауқымды сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда мемлекеттік тұрғыдан салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық-спорттық шараларды өткіз, халықты дене шынықтыру процесіне ынталандыру мәселелеріне ерекше назар бөлінуде.

Осы ұмытыстарымыз оң нәтиже беріп, спортшыларымыз біршама жетістіктерге қол жеткізді. Азия чемпионаттарында еліміздің намысын қорғаған Алмас Бейсенов, Максим Исаев, Павел Новиков алтын жүлдегерлер атанды. Жас спортшы Әділбек Молдағалиев мамыр айында кекуианкайдан Еуропа біріншілігінде чемпиондық тұғырға



көтерілді. Тағыда басқа жерлес спортшыларымыздың жетістіктері жанымызды жадыратып, мақтаныш сезіміне бөлейді – дей келе спортшыларды айтулы кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Мерекелік құттықтаудан кейін Ағзам Ахметжанұлы дені сау ұрпақты тәрбиелеуде қосқан зор үлесі, жоғары нәтижелерге жеткені, спорттағы биік кәсіби жетістіктері үшін және Спорт күнін атап өтуге байланысты аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және заттай сыйақыларымен №1 Саумалкөл орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Николай Скворцов пен Вячеслав Руквишиковты, Каменный Брод орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Юрий Ганаганы, Комаровка негізгі мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Денис Оберемконы, №1 Саумалкөл орта мектебінің түлегі Максим Исаевты, №1 Саумалкөл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі Әскербек Мақсұтовты және Айыртау ауданының балалар- жасөспірімдер спорт мектебінің еркін күрестен жаттықтырушы-ұстазы Қажығали Бадымовтарды марапаттаса, Антоновка ауылдық округінің әкімі Тортай Раевқа, Бірлестік орта мектебінің директоры Әнуарбек Махметовқа, жеке кәсіпкер Айнаш Есмағамоваға, психоневрологиялық интернаттың юрисі Александр Кружновқа, Ақсеновқа орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Александр Зоскоға, «Әсел» ШҚ басшысы Сәбит Мұқановқа және №2 Саумалкөл орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Наталья Терещенколарға аудан әкімінің Алғыс хаттарын және сыйлықтарын табыстады.

Спортшылар мерекесі ауданның көркемөнерпаздар ұжымының күшімен дайындалған шағын концертпен жалғасты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Құттықтаймыз!

Құрметті Мереке Айтбайұлы, Құлбағила Әбутәліпқызы!!!

Алтын таққа лайықты асыл жандар,
Ұл-қызына ақыл боп шашылғандар.
Жетіпті Алтын тойдай асыл тойға,
Шаңыраққа ақ таң боп ашылғандар.
Бұйырыпты сіздерге осы бақыт,
Өміріңіз баға жетпес асыл асық.
Тағы да 50 жылда бірге жүріп,
Болыңыздар отбасына алтын, жақұт.

Ізгі тілекпен: Ардагерлер ұйымының төрағасы Әбілқайыров Армия Әбілқайырұлы.

* * *

Сарыөзек ауылының тумасы, бүгінде Саумалкөл ауылында тұратын өмірлік асыл жарым, ардақты әкеміз, сүйікті атамыз **Ерсін Дәулетұлы Қабдоловты** тамылжыған тамыз айының 20 жұлдызында ердің жасы 50-ге толып отыр.

Осы қуанышты күні Сіздің деніңіздің саулығын, шаңырағымыздың ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалының, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз! Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіз дейміз!

Құтты болсын осы келген жасыңыз,
Асулардан талай биік асыңыз!

Ортасында туыстардың шалықтап,
Әрдайым да аман болсын басыңыз!

Ақ тілекпен: зайыбы Құлият, балалары Рүстем-Зәмзагүл, Манат-Әсел, Назым, немерелері Тамырлан мен Кәусар.



«Мектепке жол» акциясы

БАЛАЛАРҒА КӨМЕК

«Балалар біздің байлығымыз, балалар – біздің болашағымыз!». Осы сөздер ата-ананың балаға деген мейірімін ықыласын білдіреді. Целинный орта мектебінің ұстаздары «Мектепке жол акциясы» аясында көпбалалы отбасына көмек көрсетті.

Жалпы оқу айлығына сәйкес мектептің әлеуметтік ұстазы және сынып жетекшілері оқушылардың үйлерін аралап, мектепшілік есепте тұрған балаларды бақылап, тұрмыс жағдайларымен танысып көмек қолдарын созды. «Жарқын СК» ЖШС жазғы демалыста Заря лагеріне оқушылардың демалуына жағдай жасап, қаржылай көмек жасады. Сондай-ақ, жыл бойына мектеп асханасын ыстық тамақпен қамтамасыз етіп, мектеп учаскесін суару үшін суды да әкелісіп, үнемі көмек қолын созып отырды.

Жеке кәсіпкерлер Б. Құрманбаева және О. Ишмамбетова толық емес отбасы балаларына кеңсе тауарларынан сыйлық жасады.

Үлкен адамдардың жасаған осындай жақсылықтары балалардың жүректерін жылытып, оларды да мейірімділікке тәрбиелейді деп ойлаймын.

Н. БУКЕНОВА,
Целинный ОМ-нің әлеуметтік ұстазы.

«Елецкий ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Елецкий ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Қасенов Серік Оралбекұлы** әр аптаның сәрсенбі күндері сағат 14.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Елецкий ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Елецкий ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8 (71533) 29-634 сенім телефоны** қызмет етеді.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы **«Қостанай тұрмыстық көрсету колледжі» МКҚК** ағымдағы жылы **«Медициналық жабдықтарды жөндеу және күту электр механигі» мамандығы** бойынша бюджеттік негізде 1 жыл 10 ай оқу мерзімімен орта білім негізінде оқуға қабылдау жүргізетінін мәлім етеді.

Қосымша ақпаратты **8(7142)222833, 8(7142)222666** телефондары арқылы немесе **college-bs.kz** сайтынан алуға болады.

* * *

Назар аударыңыз!

«Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14-1- бабының 1 тармақшасына сәйкес «Қамсақты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ хабарлайды:

2015 жылдың 24 тамызында сағат 15.00-де Бірлестік орта мектебінде ауыл тұрғындарымен жиналыс өткізіледі.

Күн тәртібінде: ауыл көшелерінің атауын тағайындау.

«Қамсақты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі.

Меншік иесі және басып шығарушысы
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Жанат СӘБИТОВ
Теруші Барқыт КОКЕНОВА
Басушы-теруші
Елена НЕСВЕТЕЕВА

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.